

**«8D06115 – Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ізденуші Тоқтарова Айгерім Бастарбекқызының
«Табиғи тілдерді өңдеу және машиналық оқыту әдістерін қолдана
отырып онлайн контенттегі ғадауат сөздерді анықтау» тақырыбындағы
диссертациясына
ОТАНДЫҚ ЖЕТЕКШІСІНІҢ ШІКІРІ**

Қазіргі таңда әлеуметтік желілердегі балағат тілде жазылатын пікірлерді жинау үшін оңай және автоматтандырылған қадамдарды машиналық оқыту арқылы жүзеге асыруға болатыны туралы айтылған. Бүгінде, онлайн контенттегі жағымсыз пікір қалдырушылар саны қаптап кетуі проблемалар қатарын көбейтуде.

А.Б. Тоқтарова Қазақстанда пайдаланатын әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жариялаған бейәдеп пікірлерден тұратын деректер қорын қолмен жинап шықты. Көптеген әлеуметтік желілерден түскен шағымдарды зерделей отырып байқағаны: онлайн контентте кемсітетін яғни, балағаттау пікірлерінің жариялануы күн сайын артып келе жатқанын көруге болады.

Өсіп келе жатқан мәселенің алдын алу азайту онлайн әлеуметтік желі пайдаланушыларының, оқырмандардың психологиялық тіпті кейде физикалық жағдайлары маңызды. Бұл мәселенің салдарын болдырмау үшін жеке адамдар, топтар және қауымдастықтар жасай алатын бірнеше қадамдар бар.

Мәтіндік деректердегі ғадауат тілді сөздерді анықтау үшін машиналық оқыту мен терең оқыту алгоритмдерін талдауға үлкен көңіл бөледі.

Әрі қарай, жұмыс деректерді жинайтын, бастапқы деректерді өңдеуді жүзеге асыратын және барлық жиналған деректерді бір оқу жинағына жинайтын әзірленген талдаушыны ұсынады. Одан әрі ғадауат тілді мазмұнды мәліметтерді көрсететін мәтіндерді, пікірлерді қолмен жіктеу жүргізілді.

Жұмыс барысында сөздер арасындағы нағыз тәуелділіктерді қабылдай алатын әртүрлі нейрондық желі архитектуралары ұсынылады. Талданатын архитектураларға қайталанатын нейрондық желілер, конволюциялық нейрондық желілер, көп қабатты, қарапайым терең нейрондық желілер, ұзақ мерзімді жады желілері және жасанды интеллекттің нейрондық желілері кіреді.

Эксперимент нәтижелері диссертацияда айтылған тұжырымдарды растайды. Барлық эксперименттер ақпаратпен суреттелген және нақты нәтижелермен расталған.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің ғылыми және практикалық маңызы бар, оларды пайдалану тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар әлемдік қоғамда жыл сайын үлкен мәселеге айналған халықты онлайн контенттен қауіп болып келетін ғадауат тілді сөздерден қорғау мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Сондай-ақ, докторанттың зерттеулер нәтижесі машиналық оқыту тәсілдерін қолдану арқылы әлеуметтік желілерде жарияланған ғадауат тілді

сөздердің түбірін зерттеп қана қоймай, сонымен қатар, гадауат пікірлердің түрлерін ажыратып және автоматтандырылған деректер жиынына қол жеткізуге көмектеседі.

Таңдалған тақырыптың мазмұны, қойылған мақсаты мен міндеттері, әдістемелік негізімен қатынасы, тәжірибиелік нәтижелері мен дәлелдеулері қарастырылған диссертациялық жұмыстың **«8D06115 – Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы** сәйкестігін растайды.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша 13 ғылыми мақаласы, оның ішінде Scopus және Web of Science мәліметтер базасында индекстелген журналдарда жарияланған 2 мақала, халықаралық конференцияларда 3 мақала және ҚР ҒБМ ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда 8 мақала жарияланды.

Докторант 2023 жылы Түркияның Стамбул қаласында орналасқан Стамбул техникалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті. Тәжірибе барысында докторант диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша шетелдік ғылыми жетекшімен жұмыс істеді.

Ізденуші Тоқтарова Айгерім Бастарбекқызының «Табиғи тілдерді өңдеу және машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып онлайн контенттегі гадауат сөздерді анықтау» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған және өзектілігі, қойылған мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы жағынан **«8D06115 – Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасы** бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарын қанағаттандырады деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесшісі,
Phd, қауымдастырылған профессор
Халықаралық ақпараттық технологиялар
университеті
Алматы, Қазақстан



Омаров Б.С.

